

Көшелерге атау беру және қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 667 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 7955 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармағына және Облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 28 қазандағы № 2 қорытындысына сәйкес, Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әйтеке би кентінің келесі көшелеріне:
 - 1) №2 кварталдағы атауы жоқ жаңа көшеге "Бақытғани Сәтбаев" есімі;
 - 2) Жанқожа батыр 3 километр аумағындағы атауы жоқ жаңа көшеге "Кемал Бегалиев" есімі;
 - 3) №2 кварталдағы атауы жоқ жаңа көшеге "Айниет Әсербаев" есімі;
 - 4) №2 кварталдағы атауы жоқ жаңа көшеге "Амангелді Дүйсекеев" есімі;
 - 5) №2 кварталдағы атауы жоқ жаңа көшеге "Жалпақбай Нұрмагамбетов" есімі;
 - 6) №2 кварталдағы атауы жоқ жаңа көшеге "Назархан Құлсейтов" есімі берілсін.
2. Әйтеке би кентінің "Әбубекір Тыныбаев" тұйық көшесі "Әбдірек Әбішов" есімімен қайта аталсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кентінің әкімі

К. ОРЫНБАСАРОВ